

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария саласындағы мамандарға, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 49 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 мамырда № 8411 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 2015 жылғы 23 қарашадағы 139-бабының 9-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария саласындағы мамандарға, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесі, қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Алтынсарин ауданы келесі қаулыларының:

Алтынсарин ауданы әкімдігінің "Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерінің кешінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 65 қаулысы (2016 жылғы 24 маусымда "Таза бұлақ-Чистый родник" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6381 болып тіркелген);

Алтынсарин ауданы әкімдігінің "Аудан әкімдігінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 65 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерінің кешінде жиырма бес пайызға жоғарылатуға құқығы бар әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы"

2017 жылғы 6 маусымдағы № 156 қаулысы (2017 жылғы 27 маусымда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7109 болып тіркелген) күштері жойылған деп танылсын.

3. "Алтынсарин ауданының әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) әділет органында осы қаулының аумақтық мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде, оның қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде енгізу үшін жіберілуін;
- 3) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Алтынсарин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етілсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алтынсарин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкімдіктің
2019 жылғы "18" сәуірдегі
№ 49 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария саласындағы мамандарға, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленген мамандар лауазымдарының тізбесі

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандарының лауазымдары:

- 1) ауданның Халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің менгерушісі;
- 4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
- 5) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

6) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

7) карттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

8) психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

9) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

Білім саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның (шағын жиынтықты мектеп, мектепке дейінгі ұйымнан, әдістемелік) басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның: шағын жиынтықты мектептің, мектепке дейінгі білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық) басшысы;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысының орынбасары (шағын жинақталған мектептен басқа);

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның: шағын жиынтықты мектеп басшысының орынбасары;

5) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, бастапқы әскери дайындықты ұйымдастырушы оқытушы, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологі;

6) тәлімгер;

7) тәрбиелеуші;

8) әдіскер (негізгі қызметтердің);

9) дене тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің);

10) музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің);

11) қосымша білім беретін педагог;

12) әлеуметтік педагог;

13) мейірбике (мейіргер);

14) емдемдік мейірбике;

15) кітапхана басшысы (менгеруші);

16) кітапханашы;

17) хореограф (негізгі қызметтердің);

18) зертханашы;

Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің, коммуналдық мемлекеттік мекемесінің, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның басшысының орынбасары;

3) кітапхана менгерушісі;

4) аккомпаниатор;

5) библиограф;

6) кітапханашы;

7) мәдени ұйымдастыруши (негізгі қызметтер);

8) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

9) музыкалық жетекші;

10) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның көркемдік жетекші;

11) хореограф;

12) дыбыс режиссері;

13) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

14) қазақ, орыс, ағылшын тілдері мұғалімі;

15) әдістемелік кабинет менгерушісі;

16) вокал бойынша репетитор;

17) режиссер;

18) инструктор;

Спорт саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесінің және мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның басшысының орынбасары;

3) (мамандандырылған) медициналық бике/ага;

4) жаттықтыруши;

5) жаттықтыруши-оқытушы;

6) әдіскер;

Ветеринария саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) ветеринарлық дәрігер;

2) ветеринарлық фельдшер;

Денсаулық сактау саласындағы мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік қазынашылық кәсіпорындар басшылары;

2) бөлімше басшысы, клиникалық және параклиникалық бөлімшелердің менгерушісі;

3) барлық мамандықтар дәрігерлері;

4) акушер;

5) диеталық бике;

- 6) тіс дәрігері (дантист);
- 7) қеңейтілген практиканың мейірбикесі (мейіргері);
- 8) медициналық бике;
- 9) статистик;
- 10) лаборант (медицинский);
- 11) провизор (фармацевт);
- 12) психолог маман;
- 13) рентгенлаборант;
- 14) әлеуметтік қызметкер;
- 15) фельдшер;
- 16) дәріхана менгерушісі;
- 17) медициналық тіркеуші;
- 18) дәрігер-стоматологтың көмекшісі (стоматологтың ассистенті).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК